

**Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1693 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 31 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.01.2016 № 31 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 қыркүйектегі № 713 бұйрығын қараңыз.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 69-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 1693 қаулысымен  
бекітілген  
К. Мәсімов

**Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне сәйкес әзірленген және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылды:

1) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізу – осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылатын, көлемін шектемей дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сатып алумен, сақтаумен, әкелумен, әкетумен, өткізумен (халыққа дәрілік заттарды өткізуді қоспағанда) жойып жіберумен байланысты **фармацевтикалық қызмет;**

2) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізу – осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылатын, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сатып алумен (әкелуден басқа), сақтаумен, бөлумен, түпкі тұтынушыға өткізумен, (әкетуден басқа), жойып жіберумен байланысты **фармацевтикалық қызмет;**

3) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы – қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы әзірлеушіден және (немесе) өндірушіден тұтынушының қолдануына дейін жеткізу процесінде жүзеге **асырылатын қызмет;**

4) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы субъектілер (бұдан әрі – субъектілер) – фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;

5) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізу объектілері (бұдан әрі – көтерме саудада өткізу объектілері) – дәріхана қоймасы, дәрілік заттар, медициналық техника және **медициналық мақсаттағы бұйымдар қоймасы;**

6) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізу объектілері (бұдан әрі – бөлшек саудада өткізу объектілері) – алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана, дәріхана пункті, шалғайдағы елді мекендерге арналған жылжымалы дәріхана пункті, медициналық техника және медициналық мақсаттағы **бұйымдар дүкені және оптика дүкені.**

3. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген фармацевтикалық қызметке лицензияны және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізуге арналған лицензияға қосымшаны немесе мемлекеттік органның немесе халыққа қызмет көрсету орталығының белгісі бар хабарламаны қабылдау туралы талонды немесе медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізуге электрондық құжат нысанындағы талонды алған субъектілер жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.11.2013 N 1297 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген фармацевтикалық қызметке лицензияны және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізуге арналған лицензияға қосымшаны немесе мемлекеттік органның немесе халыққа қызмет көрсету орталығының белгісі бар хабарламаны қабылдау туралы талонды немесе медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізуге электрондық құжат нысанындағы талонды алған субъектілер жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.11.2013 N 1297 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Сапасыз дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың келіп түсуінің алдын алу және сақтау мен өткізу кезінде олардың сапасының төмендеуін болдырмау мақсатында көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілерінің мамандары:

1) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қабылдау және өткізу кезінде сапасын бақылауды;  
2) мыналарды:

дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сақтау қағидалары мен мерзімдерін қамтамасыз ету мен сақтауды;  
жарамдылық мерзімі шектеулі дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы есепке алуды жүргізуді;  
жазылған дозалардың сәйкестігін, бір уақытта босату нормаларын тексеруді, рецептілердің дұрыс жазылып берілуін тексеруді, жарамдылық мерзімін, жазып берілген дәрілік заттардың үйлесімділігін тексеруді қамтамасыз етуді;  
таразылау-өлшеу аспаптарының жарамдылығы мен дәлдігін қамтамасыз етуді

қамтитын алдын алу іс-шараларды;

3) дәрілік заттарды дайындау құқығы бар дәріханаларда:  
дәріханаішілік бақылаудың барлық түрлері;  
дәрілік нысандарды дайындау технологиясын сақтау қосымша жүргізіледі.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.01.2013 № 15 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

6. Көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілері мемлекеттік және орыс тілдерінде субъектінің атауы, оның ұйымдық-құқықтық нысаны және жұмыс режимі көрсетілген маңдайша жазуының болуын қамтамасыз етеді.

Көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілерінде халықтың танысуы үшін  
ыңғайлы жерде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген фармацевтикалық қызметке лицензияның және оған тиісті қосымшаның немесе мемлекеттік органның немесе халыққа қызмет көрсету орталығының белгісі бар хабарламаны қабылдау туралы талонның немесе медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуге электрондық құжат нысанындағы талонның көшірмелері;

2) дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналысы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің телефондары және мекенжайлары туралы ақпарат;

3) пікірлер мен ұсыныстар кітабы;

4) фармацевтикалық анықтама қызметінің телефон нөмірлері туралы ақпарат  
орналастырылады;

5) сонымен бірге, бөлшек саудада өткізу объектілерінде:

«Дәрілік заттар балаларға босатылмайды», «Дәрігердің рецептісі бойынша босатылуға арналған дәрілік заттарды рецептісіз өткізуге тыйым салынады», «Дәрілік заттар қайтарылмайды және ауыстырылмайды» деген сипаттағы ақпарат;

дәріханада дайындалатын (дайындау құқығы бар дәріханалар үшін) дәрілік препараттарды сақтау мерзімдері туралы ақпарат;

дәрілік заттар тегін немесе жеңілдікті шарттармен босатылатын бөлшек саудада өткізу объектілерінде белгілі бір аурулары бар азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікті қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың, бейімделген емдік өнімдердің тізбесі туралы ақпарат орналастырылады;

халыққа қызмет көрсету залында сөрелер, ақпараттық стенділер ресімделеді, жарнамалық ақпарат (профилактикалық сипаттағы парақтар, буклеттер)  
орналастырылады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.11.2013 N 1297**

қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен тиісті шарттары бар, бөлшек саудада өткізу объектілерінде тиісті денсаулық сақтау ұйымының басшысы бекіткен тегін және (немесе) жеңілдікті берілетін дәрілік заттар рецептілеріне қол қоюға құқығы бар лауазымды тұлғалардың тізімдері және қол қою үлгілері орналастырылады.

8. Қазақстан Республикасында бақылауға жататын құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың айналысының ерекшеліктері есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

9. Көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілері кіріске алынған және ресімделген құжаттары бар дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы өткізуді жүзеге асырады.

10. Көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілерінде дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы саны мен сапасы бойынша қабылдау өнім берушінің ілеспе құжаттары негізінде жүзеге асырылады.

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қабылдау кезінде көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілерінің мамандары :

1) ыдыстардың саны, жинақтылығы, бүтіндігінің сәйкестігі, қаптамалардың, таңбалардың нормативтік құжаттарға сәйкестігі, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі тұтынушыларға арналған мемлекеттік және орыс тілдерінде нұсқаулықтың болуын; медициналық техниканы пайдалану құжатының болуын;

2) өнімнің қауіпсіздігі мен сапасы туралы қорытындының босатылатын дәрілік зат, медициналық мақсаттағы бұйымдар өнімнің қауіпсіздігі мен сапасы туралы қорытындының партиясы сериясымен нөмірінің ілеспе құжаттарда көрсетілген партиямен (сериямен) мен нөмірімен сәйкес болуын бақылайды.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.01.2013 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника оларды өткізгенге дейін ашуға, сұрыптауға және тексеріп-қарауға, қажет болған жағдайда зауыт майынан тазартылуға, жинақталуын тексеруге, жиналуға, реттеуге жатады.

12. Ілеспе құжаттарға сәйкес келмейтін, жарамдылық мерзімі біткен, Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден, қауіпсіздігі мен сапасы

бағалаудан өтпеген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника тиісті шаралар қабылданғанға дейін басқа дәрілік заттардан, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникадан бөлек көтерме және бөлшек саудада өткізу объектілерінде сақталады және өткізуге тыйым салу туралы за т б е л г і м е н ж а б д ы қ т а л а д ы .

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.01.2013 № 15 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

## **2. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізу тәртібі**

13. Дәріхана қоймасында, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізу жүзеге асырылады. Медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника қоймасында медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізу жүзеге асырылады.

14. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізу кезінде дәріхана қоймасынан, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника қоймасынан ілеспе құжаттар ж а з ы л ы п б е р і л е д і .

15. Ілеспе құжат субъект басшысының немесе ол өкілеттік берген тұлғаның, бас бухгалтердің, сондай-ақ дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы дәріхана қоймасынан немесе медициналық мақсаттағы бұйым мен медициналық техника қоймасынан босатқан тұлғаның қолымен расталады. Ілеспе құжатты түзетуге, қосып жазуға, қолмен жөндеуге рұқсат етілмейді.

16. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды көтерме саудада өткізу кезінде ілеспе құжатта дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйымның әрбір атауына және партиясына (сериясына) өнімнің қауіпсіздігі мен сапасы туралы қорытындының нөмірі мен қолданылу мерзімі көрсетіледі.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.01.2013 № 15 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

17. Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасы туралы қорытынды көтерме саудада өткізу объектілерінде дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйымның жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін сақталады әрі тұтынушылар мен мемлекеттік бақылау органдары үшін қолжетімді болады.



Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.01.2013 № 15 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

18. Дәріхана қоймасында, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника қоймасында дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың атауы, дозалануы, өлшеп-оралуы, елі және өндіруші, өнім берушінің және қабылдаушының атауы мен мекенжайы, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың алынған және босатылған саны тіркелетін дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың жазбаша және электронды түрде сериялық есебі жүргізіледі.

19. Дәрілік заттардың субстанциялардың тиісінше дәріханаларға және дәрілік препараттарды дайындауға және дәрілік заттарды өндіруге лицензиясы бар өндіруші ұйымдарға көтерме саудада босатылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.01.2013 № 15 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

20. Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы аумақтарында сатуға арналмаған, Кеден одағының Бірыңғай кедендік тарифінің ставкасынан өзгеше кедендік баж ставкалары бойынша үшінші елдерден Қазақстан Республикасына келетін импорттық фармацевтикалық өнімді көтерме саудада өткізу жүзеге асырылады.

### **3. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізу тәртібі**

21. Дәріханада, алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пунктінде, шалғайдағы ауылдық жерлерге арналған жылжымалы дәріхана пунктінде дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды бөлшек саудада өткізу жүзеге асырылады. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар дүкенінде медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізу жүзеге асырылады. Оптика дүкенінде оптиканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды бөлшек саудада өткізу жүзеге асырылады.

22. Аудандық орталық шалғайдағы дәріханасы жоқ елді мекендерде дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды бөлшек саудада өткізуді субъектілер алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау

ұйымдарындағы дәріхана пункттері және жылжымалы дәріхана пункттері  
а р қ ы л ы жү з е г е а с ы р а д ы .

Бұл ретте фармацевтикалық білімі бар мамандар болмаған жағдайда дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың сапасының сақталуын, қауіпсіздігін және тиімділігін аттестатталған медициналық білімі бар мамандар қ а м т а м а с ы з е т е д і .

23. Витринаға дәрігердің рецептісіз өткізілетін дәрілік заттар қойылады.

24. Рецептінде немесе қажетті емдеу курсында көрсетілген мөлшерде дәрілік заттарды босату қажет болған жағдайда бастапқы (ішкі) қаптаманы қоспағанда, дәріхана қаптамасына фармацевтикалық қызмет объектісін, дәрілік заттың атауын, санын, дозасын, сериясын, өндіруші елді көрсете отырып, оның атауын, препараттың жарамдылық мерзімін, қолдану тәсілін сақтық шараларын міндетті түрде көрсете отырып, екінші (сыртқы) түпнұсқа қаптамасын бұзып өткізуге жол б е р і л е д і .

25. Халыққа дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бланкілерде тиісті медициналық айғақтар болған жағдайда денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлері өз құзыреті шегінде рецептісіз және жазып берген және ресімдеген рецептісі б о й ы н ш а жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

26. Дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен тегін немесе жеңілдікті қамтамасыз етілуге құқылы науқастардың жекелеген санаттары үшін тегін немесе жеңілдікті шарттарда дәрілік заттарды алуға халыққа дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бланкілерде жазылып берілетін рецепт бойынша жүзеге а с ы р ы л а д ы .

27. «Есірткі, психотроптық заттар прекурсорлары және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада берілген медициналық мақсатта пайдаланатын және бақылаудағы есірткі және психотроптық заттар тізімінің II кестесінің есірткі және психотроптық заттары бар дәрілік заттарды халыққа бөлшек саудада өткізу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда пайдалану осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бланкілерде жазылып берілетін рецепт б о й ы н ш а жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

28. «Есірткі, психотроптық заттар прекурсорлары және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада берілген, медициналық мақсатта пайдаланылатын және бақылаудағы есірткі және психотроптық заттар



тізімінің III кестесінің психотроптық заттары бар дәрілік заттарды халыққа бөлшек саудада өткізу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бланкілерде жазылып берілетін рецепт бойынша жүзеге асырылады.

29. Рецептте осы Қағидаларға 3-қосымшаға көрсетілген қысқартуға рұқсат етіледі.

30. Дәрігер бір реттік жоғары мөлшерден асатын дозадағы дәрілік затты жазып берген кезде рецептте дәрілік заттың дозасын жазбаша жазып, леп белгісімен белгілейді. Дәрігер осы талапты сақтамаған жағдайда фармацевтикалық қызметкер жазып берілген дәрілік заттың белгіленген бір реттік жоғары мөлшердегі дозаның жартысын босатады.

31. Дәріханада, дәріхана пунктінде дәрігердің рецептінде жазылған дәрілік зат болмаған жағдайда көтерме саудада өткізу объектісінің маманы пациенттің және (немесе) емдеуші дәрігердің келісімі бойынша оны фармакологиялық баламасымен ауыстыруды жүзеге асырады.

Дәріханада, дәріхана пунктінде қажетті дәрілік зат болмаған жағдайда маман дәрігердің келісімінсіз ассортиментте бар, халықаралық патенттелмеген атауымен дәрілік заттың синонимін ұсынады.

32. Маман дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізу кезінде пациентке:

1) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы дұрыс және ұтымды қолдану немесе пайдалану;

2) дәрілік заттардың мүмкін болатын жанама әсерлері мен қарсы айғақтары;

3) басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесуі, оларды қолдану немесе пайдалану кезіндегі сақтық шаралары;

4) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы үй жағдайында сақтау қағидалары мен жарамдылық мерзімі;

5) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы пайдалану қағидалары, жинақтылығы бойынша ақпаратты ұсынады.

33. Ресімдеу талаптарына сай келмейтін және (немесе) құрамында үйлеспейтін компоненттер бар дәрілік зат бар рецепт жарамсыз деп саналады және дәріханада, дәріхана пунктінде қалдырылады.

Бұл ретте бөлшек саудада өткізу объектісінің маманы құрамында үйлеспейтін компоненттер бар дәрілік заттарды қоспағанда, науқасқа жазып берілген дәрілік затты босатады.

34. Жарамсыз рецепттеріге «Рецепт жарамсыз» деген мөр қойылады, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фармацевтикалық қызмет объектісі басшысының қолымен және дәріхананың, дәріхана пунктінің мөрімен бекітіліп, нөмірленіп және тігіліп, дұрыс жазып берілмеген рецепттері есепке алу журналында тіркеледі.

35. Дұрыс жазып берілмеген рецептілер туралы ақпарат тиісті медициналық ұйымның басшысына және (немесе) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың тиісті жергілікті органдарына беріледі.

36. Дәріханаларда, дәріхана пункттерінде дәрілік заттарға арналған рецептілерді сақтау мерзімдері:

1) тегін және жеңілдікті шарттарда босатылған дәрілік заттар – 3 жыл;

2) құрамында 8-оксихинолиннің туындылары, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболиялық стероидтер, кодеин, тропикамид, циклопентолат бар дәрілік заттар – 3 ай.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.11.2013 N 1297 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

37. Сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін рецептілер жоюға жатады.

38. Рецептілерді жою үшін құрамында дәріхананың, дәріхана пунктінің басшысы және материалдық жауапты тұлғалар болатын комиссия құрылады.

Комиссия жою туралы акт жасайды, онда жойылған рецептілердің саны жазбаша көрсетіледі.

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларына

1-қосымша

Н ы с а н

Форма

Ф о р м а т

А 6

А6 форматы

Нысанның БҚСЖ бойынша коды	
Код формы по ОКУД	
КҰЖЖ бойынша ұйым коды	
Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 20__ жылғы «__»_____ № _____ бұйрығымен бекітілген № _____ 130 / е _____ ны с а н ы медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации	Медицинская документация Форма № 130/у утверждена приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от «__»_____20_____ года №_____

Ұйымның  
Штамп, шифр организации

мөртабаны,

шифры

## РЕЦЕПТ

БАЛАҒА АРНАЛҒАН                      ЕРЕСЕККЕ АРНАЛҒАН  
ДЛЯ РЕБЕНКА                      ДЛЯ ВЗРОСЛОГО

(астын сызу керек - подчеркнуть)

20 \_\_ \_\_ ж .                      « \_\_ \_\_ » \_\_\_\_\_

(рецептінің жазылған күні - дата выписки рецепта)

Науқастың Т.А.Ә., жасы (Ф.И.О. больного, возраст) \_\_\_\_\_

Дәрігердің Т.А.Ә. (Ф.И.О. врача) \_\_\_\_\_

Rp.

Rp.

D.S. \_\_\_\_\_

Рецептінің жарамдылығы (рецепт действителен): 10 күн (дней), 1 ай (месяц),  
арнайы тағайындау бойынша: «апта сайын» немесе «ай сайын» (по специальному  
назначению: «еженедельно» или «ежемесячно») (керегінің астын сызу керек -  
н у ж н о е                      п о д ч е р к н у т ь )

ДӘРІГЕРДІҢ ҚОЛЫ МЕН ЖЕКЕ МӨРІ \_\_\_\_\_

М . О .

ПОДПИСЬ И ЛИЧНАЯ ПЕЧАТЬ ВРАЧА

М . П .

Құрамында психотроптық заттар бар дәрілік заттар үшін  
Для лекарственных средств, содержащих психотропные вещества  
Бөлімше меңгерушісінің қолы,  
Ұйымның мөрі «Рецептілер үшін» \_\_\_\_\_

М . О .

Подпись заведующего отделением,  
Печать организации "Для рецептов" \_\_\_\_\_

М . П .

Келесі беттегі 130/е. н.

Оборот ф. 130/у

Жеке дайындалған препараттардың № (№ препаратов индивидуального приготовления)	Дәріхананың мөртабаны (штамп аптеки)		
Қабылдады (принял)	Дайындады (приготовил)	Тексерді (проверил)	Босатты (отпустил)

## Дәрігердің жадынамасы

1. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек объектісінің шифры баспаханалық тәсілмен басылады немесе мөртабан қойылады.

2. Рецепт шарикті қаламмен латын тілінде, анық, түсінікті жазылады, түзетуге т ы й ы м с а л ы н а д ы .

3. Бір бланкіге жазылып берілуі мүмкін:

а) құрамында 8–оксихинолиннің туындылары, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер, Тізімнің III, IV Кестелерінің есірткі, психотроптық заттары мен прекурсорлары бар бір дәрілік зат;

б) қалған дәрілік заттарға бір, екі дәрілік зат.

4. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларында қабылданған рецептуралық қысқартуларға ғана рұқсат етіледі.

5. Қатты, сусымалы заттар грамда (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), сұйық заттар - миллилитрде, грамдар мен тамшыларда жазылып беріледі.

6. Қолдану тәсілі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазылады.

7. «Ішке», «Сыртқа», «Белгілі» және басқа да жалпы нұсқаулармен шектеуге р ұ қ с а т е т і л м е й д і .

8. Рецептіні толтырған кезде (ересекке арналған, балаға арналған) қажеттісінің астын сызу керек.

9. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында жазылып берілген рецептілер республиканың барлық аумағында:

а) құрамында 8–оксихинолин туындылары, улы заттар, гормондық стероидтер, клонидин, анаболикалық стероидтер бар дәрілік заттар жазылып берілген күнінен бастап - 10 күннің ішінде;

б) тұрақты (ұзақ) емдеуді қажет ететін науқастарға (а) тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда) - үш айға дейін жарамды. Бұл ретте «Арнайы тағайындалған» деген жазудың және дәрілердің дәріханадан, дәріхана пунктінен босату мерзімдері («апта сайын» немесе «ай сайын») асты сызылып, рецептіні жазып берген дәрігердің қолымен және оның жеке мөрімен бекітіледі;

в) қалған рецептілер жазып берілген күнінен бастап бір айға дейін жарамды.

10. Дәрігердің қолы оның жеке мөрімен расталуы тиіс.

11. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек объектісінің лауазымды тұлғасы және жеке медициналық практиканы жүзеге асыратын жеке тұлға құрамында психотроптық заттар бар дәрілік заттарды алуға арналған рецептіні өзінің қолымен және ұйымның мөрімен (жеке медициналық практиканы жүзеге асыратын жеке тұлғаның) мөрімен растайды.

12. Фельдшерлік-акушериялық пункттің меңгерушісі құрамында

психотроптық заттар бар дәрілік заттарды алуға арналған рецептіні өзінің қолымен және фельдшерлік-акушериялық пункттің мөрімен растайды.

13. Ауылдық елді мекендердегі пункттерде, дәрігерлер болмаған жағдайда, рецептілер науқастарды амбулаториялық қабылдауды жүргізетін орта медициналық білімі бар қызметкер жазып береді.

14. Стационарлық жағдайда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттарға рецептілерді жазуға рұқсат етілмейді.

## **Памятка врачу**

1. Шифр объекта первичной медико-санитарной помощи печатается типографским способом или ставится штамп.

2. Рецепт выписывается на латинском языке, разборчиво, четко, шариковой ручкой, исправления запрещаются.

3. На одном бланке может быть выписано:

а) одно лекарственное средство содержащее производные 8-оксихинолина, ядовитые вещества, гормональные стероиды, клонидин, анаболические стероиды ;

б) одно, два лекарственных средства на остальные лекарственные средства.

4. Разрешаются только принятые Правилами оптовой и розничной реализации лекарственных средств, изделий медицинского назначения и медицинской техники рецептурные сокращения.

5. Твердые сыпучие вещества выписываются в граммах (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), жидкие - в миллилитрах, граммах и каплях.

6. Способ применения указывается на государственном или русском языках.

7. Не допускается ограничиваться общими указаниями: «Внутреннее», «Наружное», «Известно» и другие.

8. При заполнении подчеркнуть предназначение рецепта (для взрослого, для ребенка).

9. Рецепты, выписанные в организациях здравоохранения Республики Казахстан, действительны на территории всей республики:

а) на получение лекарственных средств, содержащих производные 8-оксихинолина, ядовитые вещества, гормональные стероиды, клонидин, анаболические стероиды - в течение 10 дней со дня их выписывания;

б) больным, нуждающимся в постоянном (длительном) лечении (за исключением случаев, указанных в пункте а) - до трех месяцев. При этом, подчеркиваются надписи «По специальному назначению» и по периодичности отпуска лекарств из аптеки, аптечного пункта («еженедельно» или «ежемесячно»)

), скрепляются подписью и личной печатью врача, выписавшего рецепт;

в) остальные рецепты - в течение одного месяца со дня их выписывания.

10. Подпись врача должна быть заверена его личной печатью.

11. Должностное лицо объекта первичной медико-санитарной помощи и физическое лицо, осуществляющее частную медицинскую практику, заверяют рецепт на получение лекарственных средств, содержащих психотропные вещества, своей подписью и печатью организации (печатью физического лица, осуществляющего частную медицинскую практику).

12. Заведующий фельдшерско-акушерским пунктом заверяет рецепт на получение лекарственных средств, содержащих психотропные вещества, своей подписью и печатью фельдшерско-акушерского пункта.

13. В сельских населенных пунктах, в случае отсутствия врачей, рецепты выписываются работниками со средним медицинским образованием, ведущими амбулаторный прием больных.

14. Не разрешается выписывать рецепты на лекарственные средства, предназначенные для оказания гарантированного объема бесплатной медицинской помощи в условиях стационара.

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларына

2-қосымша

Н ы с а н

Форма

А6 форматы

Нысанның БҚСЖ бойынша коды	
Код формы по ОКУД	
КҰЖЖ бойынша ұйым коды	
Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 20__ жылғы «__» _____ № _____ бұйрығымен бекітілген № 132/е нысаны медициналық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации	Медицинская документация Форма № 132/у утверждена приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от «__» _____ 20__ года № _____

ТҮБІРТЕК–КОРЕШОК

Түбіртек денсаулық сақтау ұйымында қалдырылады да, кейін бухгалтерияға тапсырылады  
Корешок остается в организации здравоохранения, затем передается в бухгалтерию

Серия \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
 20\_\_ жылғы (год) «\_\_» \_\_\_\_\_  
 (рецептінің жазылған күні, дата выписки рецепта)  
 Науқастың Т.А.Ә., жасы (Ф.И.О. больного, возраст) к  
 \_\_\_\_\_ е с  
 Медициналық құжаттама (Медицинская документация) № \_\_\_\_ у  
 Диагнозы (диагноз) \_\_\_\_\_ с  
 Үйінің мекенжайы (домашний адрес) \_\_\_\_ ы  
 Учаскенің (участок) № \_\_\_\_\_ з  
 Теңге: тиын: Rp: \_\_\_\_\_ ы  
 D.S. \_\_\_\_\_ ғ  
 Дәрігердің Т.А.Ә. (Ф.И.О. врача) \_\_\_\_\_ ы  
 \_\_\_\_\_ -

**Ф о р м а т**

Аб форматы

Нысанның БҚСЖ бойынша коды
Код формы по ОКУД
КҰЖЖ бойынша ұйым коды
Код организации по ОКПО

Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы	Денсаулық сақтау министрлігі	Денсаулық сақтау министрлігі	Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі	Министерство здравоохранения	Республики Казахстан	Медициналық құжаттама	Республикасы
Министерство здравоохранения	Республики Казахстан	Медициналық құжаттама	Медицинская документация	Республикасы
Ұйымның атауы	Наименование организации	Министра здравоохранения	Министра здравоохранения	Республики Казахстан
Қазақстан Республикасы	Денсаулық сақтау министрлігі	Министерство здравоохранения	Республики Казахстан	Денсаулық сақтау министрлігі
20__ жылғы «__» _____ № _____	132/е	бұйрығымен бекітілген	нысаны	бұйрығымен бекітілген
№ _____	132/е	нысаны	медикаменттік құжаттама	медикаменттік құжаттама
Медицинская документация	Медицинская документация	Медицинская документация	Медицинская документация	Медицинская документация
Ұйымның атауы	Наименование организации	Министра здравоохранения	Министра здравоохранения	Министра здравоохранения
Министра здравоохранения	Министра здравоохранения	Министра здравоохранения	Министра здравоохранения	Министра здравоохранения
от «__» _____ 20__ года № _____	от «__» _____ 20__ года № _____	от «__» _____ 20__ года № _____	от «__» _____ 20__ года № _____	от «__» _____ 20__ года № _____

Ұ й ы м н ы ң м ө р т а б а н ы , ш и ф р ы  
 штамп, шифр организации

**ТЕГІН НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛДІКТІ РЕЦЕПТ  
 РЕЦЕПТ БЕСПЛАТНЫЙ или ЛЬГОТНЫЙ**

(астын сызу керек - подчеркнуть)  
 СЕРИЯ \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл (год)  
 (рецептінің жазылған күні, дата выписки рецепта)

БАЛАҒА АРНАЛҒАН (ДЛЯ РЕБЕНКА) ЕРЕСЕККЕ АРНАЛҒАН (ДЛЯ  
 ВЗРОСЛОГО)

(астын сызу керек - подчеркнуть)  
 ТЕГІН ТӨЛЕМІ \_\_\_\_\_ %  
 БЕСПЛАТНО ОПЛАТА \_\_\_\_\_ %  
 Науқастың Т.А.Ә., жасы (Ф.И.О. больного, возраст) \_\_\_\_\_

Диагнозы (диагноз) \_\_\_\_\_



Үйінің мекенжайы (домашний адрес) \_\_\_\_\_

Медициналық құжаттама (Медицинская документация) № \_\_\_\_\_

Дәрігердің Т.А.Ә. (Ф.И.О. врача) \_\_\_\_\_

Теңге: тиын: Rp: \_\_\_\_\_

D.S.

Дәрігердің қолы мен жеке мөрі \_\_\_\_\_ м.о.

Подпись и личная печать врача \_\_\_\_\_ м.п.

Келесі беттегі 132/е. н.

Оборот ф. 132/У

Жеке дайындалған препараттардың № (№ препаратов индивидуального приготовления)	№	Дәріхананың мөртабаны (штамп аптеки)	
Қабылдады (принял)	Дайындады (приготовил)	Тексерді (проверил)	Босатты (отпустил)

### Дәрігердің жадынамасы

1. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек объектісінің шифры баспаханалық тәсілмен басылады немесе мөртабан қойылады.

2. Рецепт шарикті қаламмен латын тілінде, анық, түсінікті жазылады, түзетуге т ы й ы м с а л ы н а д ы .

3. Бір бланкіге бір дәрілік зат жазылып берілуі мүмкін.

4. Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларында қабылданған рецептуралық қысқартуларға ғана рұқсат етіледі.

5. Қатты, сусымалы заттар грамда (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), сұйық заттар - миллилитрде, грамдар мен тамшыда жазылып беріледі.

6. Қолдану тәсілі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазылады.

7. «Ішке», «Сыртқа», «Белгілі» және басқа да жалпы нұсқаулармен шектеуге р ұ қ с а т е т і л м е й д і .

8. Рецепттіні толтырған кезде (ересекке арналған, балаға арналған) қажеттісінің астын сызу керек.

9. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында тегін немесе жеңілдікпен босатылатын дәрілік заттар республиканың әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде (аудан, қала, облыс), олар жазып берілген күнінен бастап 10 күн і ш і н д е ж а р а м д ы .

10. Тегін босатылатын рецепттіні толтырған кезде қажеттісінің астын сызып

немесе жеңілдікпен босатылатын рецептіні толтырған кезде қажеттісінің астын сызып және жеңілдіктердің пайызын көрсету керек.

11. Дәрігердің қолы оның жеке мөрімен расталуы тиіс.

12. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек объектісінің лауазымды тұлғасы және жеке медициналық практиканы жүзеге асыратын жеке тұлға құрамында психотроптық заттар бар дәрілік заттарды алуға арналған рецептіні өзінің қолымен және ұйымның мөрімен (жеке медициналық практиканы жүзеге асыратын жеке тұлғаның мөрімен) растайды.

13. Фельдшерлік-акушериялық пункттің меңгерушісі тегін немесе жеңілдікті шарттарда дәрілік заттарды алуға рецептіні өзінің қолымен және фельдшерлік-акушериялық пункттің мөрімен растайды.

14. Ауылдық елді мекендердегі пункттерде, дәрігерлер болмаған жағдайда тегін немесе жеңілдікті шарттарда дәрілік заттарды алуға рецептіні науқастарды амбулаториялық қабылдауды жүргізетін орта медициналық білім бар қызметкерлер жазып береді.

## **Памятка врачу**

1. Шифр объекта первичной медико-санитарной помощи печатается типографским способом или ставится штамп.

2. Рецепт выписывается на латинском языке, разборчиво, четко, шариковой ручкой, исправления запрещаются.

3. На одном бланке может быть выписано одно лекарственное средство.

4. Разрешаются только принятые Правилами оптовой и розничной реализации лекарственных средств, изделий медицинского назначения и медицинской техники рецептурные сокращения.

5. Твердые сыпучие вещества выписываются в граммах (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), жидкие - в миллилитрах, граммах и каплях.

6. Способ применения указывается на государственном или русском языках.

7. Не допускается ограничиваться общими указаниями: «Внутреннее», «Наружное», «Известно» и другие;

8. При заполнении подчеркнуть предназначение рецепта (для взрослого или д л я р е б е н к а ) .

9. Рецепты, выписанные в организациях здравоохранения Республики Казахстан на бесплатный или льготный отпуск лекарственных средств действительны в пределах административно-территориальной единицы республики (район, город, область) в течение 10 дней со дня их выписывания.

10. При заполнении рецепта бесплатно нужно подчеркнуть или на льготных условиях нужно подчеркнуть и указать процент льгот.

11. Подпись врача должна быть заверена его личной печатью.

12. Должностное лицо объекта первичной медико-санитарной помощи и физическое лицо, осуществляющее частную медицинскую практику, заверяют рецепт на получение лекарственных средств бесплатно или на льготных условиях своей подписью и печатью организации (печатью физического лица, осуществляющего частную медицинскую практику).

13. Заведующий фельдшерско-акушерским пунктом заверяет рецепт на получение лекарственных средств бесплатно или на льготных условиях своей подписью и печатью фельдшерско-акушерского пункта.

14. В сельских населенных пунктах, в случае отсутствия врачей, рецепты на получение лекарственных средств бесплатно или на льготных условиях выписываются работниками со средним медицинским образованием, ведущими амбулаторный прием больных.

Дәрілік заттарды, медициналық  
мақсаттағы бұйымдар мен  
медициналық техниканы көтерме  
және бөлшек саудада өткізу  
қағидаларына  
3-қосымша

## Негізгі рецептуралық қысқартулар

Қысқартулар	Толық жазылуы	Аудармысы
aa	ana	бойынша, тең бөлінген
ac. acid.	acidum	қышкыл
amp.	ampulla	ампула
aq.	aqua	су
aq. purif.	aqua purificata	тазартылған су
but.	vutyrum	май (қатты)
comp., cps.	compositus (a, um)	күрделі
D.	Da, Detur, Dentur	Бер. Берілетін болсын. Осылар берілетін болсын
D.S.	Da, Signa; Detur, Signetur	Бер, белгіле. Берілетін, белгіленетін болсын. Берілсін, белгіленсін
D.t.d.	Da (Dentur) tales doses	Осындай дозаларды бер (берілетін болсын)
Dec.	Decoctum	Қайнатпа
dil.	dilutus	Ерітілген
div. in p.aeq	divide in partes aequales	тең бөліктерге бөл
emuls	emulsum	Эмульсия
extr.	extractum	сығынды, сорып алынған
f.	fiat (fiant)	түзілетін болсын (түзілсін)
gtt.	gutta, guttae	тамшы, тамшылар

inf.	infusum	Тұнба
in amp.	in ampullis	Ампулаларда
in caps.gel.	in capsulis gelatinosis	желатинді капсулаларда
in tabl.	in tab(u)lettis	Таблеткаларда
lin.	linimentum	сұйық жақпа май
liq.	liquor	Сұйықтық
M. pil.	massa pilularum	пилюльдік масса
M.	Misce; Misceatur	Араластыр. Араластырылатын болсын. Араластырылсын
№.	numero	Санмен
ol.	oleum	май (сұйық)
pil.	pilula	Пилюля
p.aeq.	partes aequales	тең бөліктер
pulv.	pulvis	Ұнтақ
q.s.	quantum satis	қанша қажет етілсе, қанша керек
r., rad.	radix	Тамыр
Rp.	Recipe	Ал
Rep.	Repete. Repetatur	Қайтала. Қайталанатын болсын
rhiz.	rhizoma	сала тамыр
S.	Signa. Signetur	Белгіле. Белгіленетін болсын
sem.	semen	Ұрық
simpl.	simplex	Қарапайым
sir.	sirupus	Шырын
sol.	solutio	Ерітінді
supp.	suppositorium	Балауыз
tabl.	tab(u)letta	Таблетка
t-ra, tinct., tct.	tinctura	Тұнба
ung.	unguentum	жақпа май
vitr.	vitrum	шыны ыдыс
10pt}, praec.	praecipitatus	Тұнған
past.	pasta	Паста

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларына

4-қосымша

Н ы с а н

Форма

Форматы А4

Нысанның БҚСЖ бойынша коды

Код формы по ОКУД	
КҰЖЖ бойынша ұйым коды	
Код организации по ОКПО	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 20__ жылғы «__» _____ № _____ бұйрығымен бекітілген № 134 / е ны с а н ы мединалық құжаттама
Ұйымның атауы Наименование организации	Медицинская документация Форма № 134/у утверждена приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от «___» _____ 20_____ года № _____

## Дұрыс жазылып берілмеген рецепттерді тіркеу журналы

### Журнал учета неправильно выписанных рецептов

№	Күні дата	Денсаулық сақтау ұйымының атауы Наименование организации здравоохранения	Дәрігердің Т.А.Ә. Ф.И.О. врача	Рецептінің құрамы Содержание рецепта
1	2	3	4	5

#### кестенің жалғасы

Анықталған бұзылушылықтар Выявленные нарушения	Қабылданған шаралар Принятые меры	Дәріхананың, дәріхана пункті маманының Т.А.Ә. Ф.И.О. специалиста аптеки, аптечного пункта
6	7	8